

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 8D081 Өсімдік шаруашылығы (мамандықтары: 6D080800 – Топырақтану және агрохимия; 6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин) кадрларды даярлау бағыты бойынша 2022 жылғы диссертациялық кеңесі

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есепті жылы 12 отырыс өткізілді, оның ішінде 7 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Тегі және аты-жөні	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшілері	ЖОО (оқу орны)
1	Бекқалиев Асхат Қажмуратович	6D080800 – Топырақтану және агрохимия	Қазақстанның Батыс Қазақстан облысы жайылымдарының топырақ жамылғысын мал жаю технологияларына байланысты агрохимиялық бағалау	Насиев Бейбит Насиевич- Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебі профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті. Манолов Иван Георгиев– Пловдив аграрлық университеті профессоры, PhD доктор, Каунас қаласы	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
2	Жапар Куаныш Кабылулы	6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин	Получение безвирусного качественного посадочного материала сладкого картофеля	Шамекова Малика Хабидулаевна - PhD докторы, «Селекция және биотехнология» лабораториясының	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

			(Promoea batatas) с признаками холодоустойчивости	меңгерушісі, «Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы Институты» ҚР БҒМ, Алматы, Қазақстан. Квак Санг-Суу - PhD докторы, профессор, Korea Research Institute of Bioscience and Biotechnology (Оңтүстік Корея).	
3	Әбдірахымов Ниет Әбдірахымұлы	6D080800 – Топырақтану және агрохимия	Қазақстанның шөлейт және құрғақ дала аймақтарының күрең және ашық кара-қоңыр топырақтарының деградацияланған жайылымдарын бағалау және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру	Қалдыбаев Сағынбай Қалдыбаевич - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР АШҒА академигі, КазҰАЗУ Топырақтану және агрохимия кафедрасының профессоры. Osman Sonmez - PhD доктор, профессор Эрджиес университеті, Қайсері қаласы (Түркия).	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
4	Рысбекова Алуа Манатбекқызы	6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин	Оздоровление посевного материала ярового ячменя от корневых гнилей (<i>Bipolaris Sorokiniana</i> Shoem. и <i>Fusarium</i> Spp.) в условиях юго-востока Казахстана	Султанова Надира Жумахановна – а.ш.ғ.к, дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдар бөлімінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан. Bozena Lozowicka - PhD докторы, профессор, Өсімдіктерді қорғау институтының директоры (Польша)	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
5	Кулдыбаев Нурлан Мелсович	6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин	Влияние грибов рода <i>Fusarium</i> на физиологические процессы и продуктивность	Дутбаев Е.Б. - а.ш.ғ.к, "Өсімдіктерді қорғау және карантин" кафедрасының	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

			сои в Западном Казахстане	қауымдастырылған профессоры. Лозовичка Божена - PhD докторы, профессор, "Өсімдіктерді қорғау" институтының директоры (Польша).	
6	Жақсыбаев а Гүлжан Сатжанқызы	6D080800 – Топырақтану және агрохимия	Фосфор тыңайтқыштарын ұзақ және жүйелі түрде қолданудың ашық-қара қоңыр топырақтың фосфат құбылымына және қант қызылшасының өнімділігіне әсері	Балғабаев Алимбай Мадиебекович - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР АШҒА академигі, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, Топырақтану және агрохимия кафедрасының профессоры. Иванов Андрей Леонидович – биология ғылымдарының докторы, профессор, РФА академигі, Докучаев атындағы Топырақтану институтының директоры, Мәскеу қаласы, Ресей.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
7	Алпысбаев а Карлығаш Азирбеков на	6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин	Оңтүстік Қазақстан жағдайында мақта дақылын қабыршақ қанатты зиянкестерден қорғауда Врасон hebetor Say. биоагентін пайдалану	Сағитов Абай Оразұлы, – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚазҰАЗУ Өсімдік қорғау және карантин кафедрасының профессоры;	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

				Төлеубаев Қазбек Мұхтарханұлы – ғылым докторы PhD; Волощук Леонид Федорович – биология ғылымдарының докторы, профессор, Өсімдік қорғау және экологиялық егіншілік институты (Молдова, Кишинев қаласы).
--	--	--	--	---

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Беккалиев Асхат Кажмуратовичтің диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Батыс Қазақстан облысы жайылымдарының топырақ жамылғысын мал жаю технологияларына байланысты агрохимиялық бағалау». Батыс Қазақстанның аумағында жайылымдар жалпы аймақ ауданының 80%-ын алып жатыр. Олар мал шаруашылығының, яғни ауыл шаруашылығының басты бағытының бастапқы базасы мен материалдық негізі болып табылады. Алайда соңғы жылдары күшейіп кеткен жайылымдарға түсетін жүктеме табиғаттағы тепе-теңдікті теңселтіп, жайылымдар осал тартып, күйзелуге және шөлейттенуге бейім бола түсуде. Осының барлығы жайылымдардың күйіне әсер етпей қоймайды. Бұл үрдістер мал шаруашылығының жағдайын нашарлатып, халықтың тіршілік ету ортасындағы тұрақтылықты бұзып, мазасыздық туғызып, аридтік жайылымдардың күйіне талдау жасауды, бүліну себептерін анықтауды және жайылымдық экожүйелердің негізгі типтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, саналы пайдаланудың тиімді шараларын қабылдауды талап етеді. Мал жаю технологиялары жайылымдардың топырақтары мен өсімдік жамылғыларына айтарлықтай әсер етеді. Алайда, Батыс Қазақстан облысы жағдайында мал жаю технологияларының жайылымдардың топырақ және өсімдіктер жамылғысына әсері бағытында ғылыми зерттеулер бұрын соңды жүргізілген емес және осы тақырыпта зерттеулер жүргізу арқылы облыс жайылымдарының жай-күйін анықтау және оларды ұтымды пайдалану мақсатында ұсынбалар әзірлеу басымды мәселе ретінде жүргізілген зерттеулердің өзекті бағытын айқындады.

Жапар Қуаныш Кабылулының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Получение безвирусного качественного посадочного материала сладкого картофеля (*Ipomoea batatas*) с признаками холодоустойчивости». Диссертация орыс тілінде ұсынылды. Қазақстанда тәтті картопқа деген қажеттілік бар және ол қымбат импорт есебінен жабылады, сондықтан

вируссыз отырғызу материалы мен тәтті картоптың тауар ретіндегі нарығы перспективалы. Вируссыз материалды алу, содан кейін микроклональды көбею, вегетативті көбею дақылдары үшін жоғары сапалы отырғызу материалын алудың негізгі заманауи әдісі болып табылады. Өсімдіктердің стресс факторларына төзімділігін арттыру мәселесі әртүрлі гендік-инженерлік әдістермен шешіледі, олардың ішіндегі ең тиімдісі трансгенді өсімдіктерді алу деп тану керек. Жүргізілген эксперименттер нәтижесінде тәтті картоптың вируссыз сапалы суыққа төзімді отырғызу материалын (*Promoea Batatas*) алудың биотехнологиясы пысықталды.

Әбдірахымов Ниет Әбдірахымұлының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның шөлейт және құрғақ дала аймақтарының күрең және ашық кара-қоңыр топырақтарының деградацияланған жайылымдарын бағалау және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру». Диссертациялық жұмыстың өзектілігі - деградацияға ұшыраған жайылымдардың күрделі мәселелерін зерттеу және қазіргі заманғы сандық технологияларды қолдана отырып, мал азығын қамтамасыз ететін құнды жайылымдық ресурстардың жай-күйін бағалау мен басқарудың жаңа қағидалары мен тәсілдерін зерттеумен байланысты. Еліміздің шөлейт және құрғақ даласында деградацияланған жайылымдардың күрделі мәселелерін зерттеу мен қазіргі заманғы сандық технологияларды қолдана отырып, мал азығын қамтамасыз ететін құнды жайылымдық ресурстардың жай-күйінің жағдайларын анықтаудың жербеттік және ғарыштық әдістері мен бағдарламасы әзірленген. Қазақстан Республикасы үшін алғаш рет ГАЖ жүйелерін қолданып, өте күшті деградацияланған жайылымдық мал азықтық ресурстарын басқаруға ғылыми негізделген талаптар әзірленіп, шөлейт және құрғақ дала аймақтарының деградацияланған жайылымдарының мамандандырылған интербелсенді сандық картографиялық үлгісі жасалған.

Рысбекова Алуа Манатбекқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оздоровление посевного материала ярового ячменя от корневых гнилей (*Bipolaris sorokiniana* Shoem. и *Fusarium* spp.) в условиях юго-востока Казахстана». Диссертация орыс тілінде ұсынылды. Зерттеудің негізгі бағыттарының бірі қорғаныс-ынталандырушы композицияларын жасау арқылы арпаның тұқымдық материалын тамыр шіріктерінен сауықтыру болды. Бұл жағдайда тұқым инфекциясы басылып қана қоймайды, сонымен қатар тұқымның себу сапасы, өсімдіктердің өсуі мен дамуы ынталандырылады, көптеген жұқпалы аурулардың дамуына, сондай-ақ өсімдік дамуының алғашқы кезеңдерінде топырақ пен сорғыш зиянкестердің зақымдалуына жол берілмейді.

Кулдыбаев Нурлан Мелсовичтің диссертациялық жұмысының тақырыбы: «The influence of fungi of the genus *Fusarium* on the physiological processes and productivity of soybeans in Western Kazakhstan» (Влияние грибов рода *Fusarium* на физиологические процессы и продуктивность сои в Западном Казахстане). Диссертация ағылшын тілінде ұсынылды. Патогендік саңырауқұлақтар тамырларды блоктауға қабілетті екінші метаболиттерді, микотоксиндерді белсенді түрде шығарады, осылайша фотосинтезді

баяулатады және дақылдардың өнімділігін төмендетеді. Кез келген стресске ұшырағаннан кейін фотосинтез белсенділігінің бұзылуы, ең алдымен, хлорофилл флуоресценциясы (Chl) сияқты өзгерістерге ең сезімтал сигналдарда болады. Абиотикалық және биотикалық күйзелістерге ұшыраған өсімдіктердің фотосинтетикалық параметрлерін зерттеу биоәртүрлілікті сақтау, жақсарту және дақылдардың өнімділігін сақтау мақсатында жаһандық климаттың өзгеру процестерінің механизмдерін түсіну үшін маңызды, осылайша таңдалған зерттеу бағытының өзектілігін білдіреді. Зерттеу барысында соя генотиптерінің фузариозды тамыр шіріктерінің физиологиясы мен дақылдың өнімділігіне әсер етуі бағаланды.

Жақсыбаева Гүлжан Сатжанқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Фосфор тыңайтқыштарын ұзақ және жүйелі түрде қолданудың ашық-қара қоңыр топырақтың фосфат құбылымына және қант қызылшасының өнімділігіне әсері». Қант қызылшасының ауыспалы егістігі жағдайында топырақтың фосфор қорының құрамын анықтаудың ғылыми-практикалық маңызы зор және Қазақстанның оңтүстік-шығысы суармалы аймақтарының ашық-қара қоңыр топырақтары үшін өзекті мәселе болып саналады. Қазақстанның оңтүстік-шығысының ашық-қара қоңыр топырағында, қант қызылшасы егістігінде өсімдік қоректенуі үшін фосфор органикалық қосылыстардың рөлін зерттеу жаңа бағыт болып саналады. Жұмыста автор зерттеулер негізінде ашық-қара қоңыр топырақтың құрамындағы жалпы, органикалық және минералдық фосфаттардың құрамы менарақатынасына сәйкес осы топырақта өсірілген қант қызылшасының мол (450-500 ц/га) әрі сапалы өнімділігін қамтамасыз ететін фосфор тыңайтқыштарының қолайлы нормаларын дәлелдеген.

Алпысбаева Карлыгаш Азирбековнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстан жағдайында мақта дақылын қабыршақ қанатты зиянкестерден қорғауда *Bracon hebetor* Say. биоагентін пайдалану». Мақта танаптарында фитосанитарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту мақсатында өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғауда химиялық пестицидтерді қолдану мөлшерін азайтып, зиянкестерге қарсы биологиялық тәсілдерді пайдалану бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, алғаш рет биозертханаларда биоагенттің (*B. hebetor* Say.) аналық материалын көбейту және өсіру жөніндегі техникалық жағдайлар жасалған.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Беккалиев Асхат Кажмуратовичтің диссертациялық жұмысы тіркеу нөмірі МТ 0118РК01278 ҚР АШМ-нің 2018 жылдың 10 қыркүйегіндегі №21 келісім-шартына сәйкес BR06249365 «Қазақстанның Батыс және Солтүстігінде жоғары өнімді жайылым алқаптарын құрастыру және оларды

саналы пайдалану» ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде жүргізілді. Орындалу басымды бағыты: «Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі»

Жапар Куаныш Кабылулының диссертациялық жұмысы 2119/ГФ "Тәтті картоптың вируссыз отырғызу материалын (Promoéa batátas) алудың биотехнологиясын әзірлеу" кіші бағдарламасы аясында, BR05236574 ФТП шеңберінде "Генетикалық түрлендірілген суыққа төзімді тәтті картоп өсімдіктерін алудың биотехнологиясын әзірлеу" және AP09260382 "Абиотикалық стресске төзімді тәтті картоп өсімдіктерін құру және оны тиімді өсіру әдістерін анықтау" шеңберінде орындалды.

Әбдірахымов Ниет Әбдірахымұлының диссертациялық жұмысы ҚР ауыл шаруашылық министрлігімен 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде бекітілген жайылымдық жерлердің деградациялану дәрежесін, жемшөп құндылығын және топырақ жамылғысын зерттеу бойынша «Қазақстанның деградацияға ұшыраған жайылымдарына мониторинг жүргізудің және бағалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу, оларды қалпына келтіруді тиімді басқарумен қамтамасыз ету» ғылыми бағдарламасы (мемлекеттік тіркеу №0118РК01223) аясында орындалған.

Рысбекова Алуа Манатбекқызының диссертациялық жұмысы 267 "Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы, 101 "Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру" кіші бағдарламасы, 156 "Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу" ерекшелігі бойынша "Дәл егіншілікті іске асыру үшін инновациялық агротехнологиялық парк құру" ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша орындалды. Жеке тіркеу нөмірі- BR 06349590.

Кулдыбаев Нурлан Мелсовичтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын мемлекеттік грант шеңберінде орындалды: AP05132497 "Fusarium тұқымдас саңырауқұлақтар мен құрғақшылықтың сояның өнімділігі мен физиологиялық жағдайына әсері" 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік тіркеу нөмірі 0118РК00456.

Жақсыбаева Гүлжан Сатжанқызының диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ №217 «Ғылымды дамыту бағдарламасының №102 «Ғылыми зерттеулерді грантты қаржыландыру» және топырақ ғылыми саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер мамандырылған ғылыми бағыты бойынша 2018-2020 жылдары «Топырақтардағы фосфордың органикалық қосылыстарын зерттеу және қант қызылшасының дара егістігінде жүйелі түрде тыңайтқыш қолдану кезінде олардың фракцияларының трансформациялануы» мемлекеттік тіркеу нөмірі AP05133193 ғылыми жобасы аясында орындалған.

Алпысбаева Карлыгаш Азирбековнаның диссертациялық жұмысы 2012-2014жж. ҚР БҒМ қаржыландырған мемлекеттік тіркеу номері № 0112РК01618 «Қазақстанның оңтүстігінде мақта дақылын сорғыш зиянкестерден қорғаудың интегралдық жүйесін жасау»; №0112РК01609 «Жабық алаңдағы көкөніс дақылдарының зиянкестеріне қарсы биоагенттерді

қолдану және олардың жаппай көбейту технологиясын жетілдіру»; 2015-2017 жж. ҚР БҒМ қаржыландырған Мемлекеттік тіркеу номері № 0115РК01612 «Энтомофаг-жәндіктер түрлерінің табиғи популяциясын жаппай көбейтуде мүмкіншілігін анықтаумен бірге, көкөніс дақылдарының зиянкестерімен биологиялық күресуде олардың тәжірибеде қолдану әлеуетін зерттеу»; 2018-2020 жж. ҚР БҒМ қаржыландырған мемлекеттік тіркеу номері № 0118РК01148 АР05134585 «Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жабық алаңда өсірілетін көкөніс дақылдарын зиянкестерден қорғау үшін негізгі энтомоакарифагтарды жаппай көбейту және пайдалану технологияларын өңдеу және ендіру» және 2021-2023 жж. ҚР БҒМ қаржыландырған мемлекеттік тіркеу номері № 0121РК00572 АР09058127 «Оңтүстік – шығыс Қазақстан жағдайында ПҰА мен энтомофагтар пайдалану негізінде карантиндік нысан – *Tuta absoluta* қарсы биологиялық күрес әдістерін жетілдіру» жобаларының аясында орындалған.

3) диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Беккалиев Асхат Кажмуратовичтің диссертациялық жұмысының зерттеу деректерін өндіріске енгізу жайылымдардың топырақ жамылғысының қалыпты сақталуына және өсімдік жамылғысының өнімділігін жақсартуға, сол негізде мал шаруашылығының тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Топырақ көрсеткіштерін қорғап, күйзелуіне жол бермеу және өсімдіктер өнімділігін арттыру үшін, сонымен қатар жайылымдарды ұтымды пайдалану мақсатында ауыл шаруашылығы малдарын бағудың қалыпты мал жаю технологиясын пайдалану, яғни жайылыс кезінде малға жайылым өсімдіктерінің жалпы жылдық өнімділігінің 65-75% жеткізуді қадағалау ұсынылады. Қалыпты мал жаю технологиясын пайдалану БҚО жайылымдарының өсімдіктер жамылғысының көрсеткіштерін жақсартады, 3 аймақ бойынша өнімділік құрғақ зат есебімен 5,39-12,64 ц/га аралығында болды. Бұл технологияны пайдалану топырақ күйзелісіне жол бермейді.

Жапар Куаныш Кабылулының диссертациялық жұмысында өндіріске енгізу үшін тәтті картоптың қалыптасқан коллекциясы, сондай-ақ генетикалық түрлендірілген өсімдіктері әртүрлі ауылшаруашылық құрылымдарында селекциялық тәжірибеде және далалық сынақтарда пайдаланылуы мүмкіндігі көрсетілген. Тәтті картоптың вируссыз отырғызу материалын алудың дамыған биотехнологиясын тұқым шаруашылығында қолдануға болады. Өндіріске Қазақстанның Алматы облысында тәтті картоп өсіру бойынша агротехникалық іс-шаралар ұсынылған.

Әбдірахымов Ниет Әбдірахымұлының диссертациялық жұмысы республикамыздың шөлейт және құрғақ дала жайылымдары жағдайларын анықтаудың жербеттік және ғарыштық әдістері мен бағдарламасы әзірленді, әзірленген адаптивті технологияларды қолдану арқылы оларды қайта қалпына келтіру мен жақсарту шаралары ұсынылды. Қазақстанның шөлейт және құрғақ дала аймақтары бойынша әртүрлі дәрежеде деградацияға ұшыраған жайылым ресурстарын басқару жөніндегі шаралар нақтыланып, жайылымдық жерлердің

деградациясы бойынша жер бетіндегі зерттеулер мен ғарыштық бақылау нәтижесінде алынған мәліметтер республиканың барлық топырақтық-географиялық аймақтарында жайылымдық жұмыстармен айналысатын барлық шаруашылық жүргізушілер үшін маңызды.

Рысбекова Алуа Манатбекқызының диссертациялық жұмысының нәтижесінде арпа тұқымын себу алдында өңдеу үшін таңдалған қорғаныс-ынталандырушы қосылыстардың негізінде тиімді фунгицидтер, биологиялық заттар және өсімдіктердің өсуін реттегіштер таңдалды. Арпа өсірудің әзірленген инновациялық схемасы 2 га алаңда "Абзель" ЖШС егістіктерінде енгізілді, оның өнімділігі 22 ц/га эталондық нұсқада 27,3 ц/га құрады; бір гектардан таза пайда 47700 теңгені және 2 га алаңда "Мадияр" ШҚ құрады, бір гектардан таза пайда тиісінше 58900 теңгені құрады.

Кулдыбаев Нурлан Мелсовичтің диссертациялық жұмысының нәтижесінде соя тамырынан Gen-Bank халықаралық тізіліміне енгізілген *Fusarium equiseti* № 1 изолят саңырауқұлағы соя тамырының шірік қоздырғышы окшауланған. Бұл саңырауқұлақтың патогенділігі тиісті сынақпен расталды. Зерттеу барысында соя сорттарының фузариозды тамыр шіріктеріне бейімділігі түсіндірілді, оның көрінісі дақылдың физиологиясы мен өнімділігіне әсер етті. Осылайша, Батыс Қазақстанның жағдайына барынша бейімделген соя сорттары анықталып, өндіріске ұсынылған.

Жақсыбаева Гүлжан Сатжанқызының диссертациялық жұмысының зерттеу мәліметтерін өндіріске енгізу қант қызылшасы өсірілген ашық-қара қоңыр топырақтағы қарашірінді мен қоректік элементтердің, оның ішінде минералдық фосфаттардың теңгерімін сақтайды және топырақ құнарлылығын жоғарылатып, дақыл өнімділігін арттырады. Диссертациялық жұмысының республикамыздың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында қант қызылшасын өсіретін шаруашылықтарда қолдану негізінде бұл дақылдан жоғары өнімділіктер алуға болады. Зерттеу нәтижелері Алматы облысының Ескелді ауданының қант қызылшасын өсіретін «Романенко В.В.», және «Вахитов Р.Х.» шаруа қожалықтарының 9 га және 6га егістіктерінде енгізіліп, 420-485 ц/га өнім алвынған.

Алпысбаева Карлыгаш Азирбековнаның диссертациялық жұмысы өндіріс үшін маңызды тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың нәтижелері өсімдік шаруашылығында, яғни өсімдік қорғауда қолдану ықтималдығы кумән тудырмайды. Мақта дақылын мақта көбелегінен интегралдық қорғау жүйесінде бракон биоагентін пайдалану ұсынылады. Диссертант ұсынып отырған биологиялық тәсілмен қорғау шараларын ұйымдастыру қазіргі таңда Түркістан облысының, әсіресе жазы ыстық Жетісай ауданының экстремалды жағдайында оң нәтижелер береді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді. Рецензенттер халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандық

бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдарын тағайындады. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын бағалады, философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берді. Бекітілген рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері талаптарға сай болды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін күшейту қажет. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялық жұмыстардың ғылыми деңгейін жақсартуға және сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 7;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрайымы *Рамазанова Р.Х.* Рамазанова

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Кайрова Г.Н. Г.Н. Кайрова

29.12.2022г.